

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттары депутаттығына үміткерлерге үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы N 126 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 желтоқсанда N 5-5-131 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы N 220 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы әкімдігінің 2012.05.11 N 220 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, ауылдық округ әкімдерінің және тиісті сайлау комиссияларының ұсыныстарын қарап, Абай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттары депутаттығына үміткерлерге үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін келесі мекен-жайлар белгіленсін:

Қарауыл ауылы – «Аға сұлтан» алаңындағы тақта;
Кеңгірбай би ауылы - «Әсем» тойханасы ғимаратының алды;
Көкбай ауылы - байланыс бөлімшесі ғимаратының алды;
Құндызды ауылы – Әлеуметтік дүкен ғимаратының алды;
Архат ауылы - «Жайтәй» тойханасы ғимаратының алды;
Орда ауылы - дәрігерлік амбулатория ғимаратының алды;
Қасқабұлақ ауылы - «Мерей» тойханасы ғимаратының алды;
Саржал ауылы - «Парасат» тойханасы ғимаратының алды;
Тоқтамыс ауылы - «Берік» тойханасы ғимаратының алды;
Медеу ауылы – «Жастар» саябағының алды;

2. Ауылдық округтердің әкімдері тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп, үгіт баспа материалдарын орналастыратын орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жаратқандырысын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.
Л д и б а е в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Аудан әкімі

Т. Мүсәпірбеков

К е л і с і л г е н :

*Абай аудандық аумақтық сайлау
комиссиясының төрағасы Т. Ерденбеков
20 желтоқсан 2011 жыл*